

ЛЕНИН ТУУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 138 (9200)

1953 жылғы

12 июль

Жексенбі

Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Партияның үні, халықтың үні

Кеше жарияланған Совет Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің пленумы туралы информациялық хабарға және ССРО Жоғарғы Советі Президиумының қаулысына халқымыз зор көңіл бөлуде. Коммунистік партия, бүкіл совет халқы СОКП Орталық Комитеті пленумының қаулысын бірауыздан толық және қызу мақұлдауда. Берияның партияға қарсы және мемлекетке қарсы қылмысты әрекеттерін жою үшін партияның Орталық Комитетінің Президиумы деркесінде қолданған батыл шараларды бірден-бір дұрыс шаралар деп мақұлдауда. Совет адамдары Берияның қылмысты әрекеттері туралы істі ССРО Жоғарғы сотының қарауына беру жайындағы ССРО Жоғарғы Советі Президиумының қаулысына терең қанағаттанған сезіммен қарсы алды.

Партия комитеттерінің партия активімен басқосқан пленумдары туралы, Москваның, Киевтің, Ленинградтың және басқа қалалардың кәсіпорындарындағы жұмысшылар мен қызметшілердің жиындары туралы елдің әртүрлі аудандарынан түсіп жатқан хабарлар партияның үкіметтің және совет халқының мызғымас берік бірлігінің жаңа айқын дәлелі болып табылады. Шешендердің жалынды сөздерінде, бірауыздан қабылданған қарарларда партия мен бүкіл совет халқының біртұтас еркі айқын білдірілуде. Миллиондаған совет адамдары партия мен халықтың қас жауы Берияның қылмысты әрекеттерін кекті ызамен масқаралап, революциялық қырағылықты арттыруға шақыруда.

Москва, Киев, Ленинград, Минск партия ұйымдарында және біздің партияның бірқатар басқа да ұйымдарында СОКП Орталық Комитеті пленумының қорытындыларын талқылауға арналып, соңғы күндері өткізілген облыстық және қалалық партия комитеттерінің партия активімен басқосқан біріккен пленумдары партия қатарының болағаттай берік бірлігінің, партияның өзінің Орталық Комитетінің төңірегіне тығыз топтасқандығының қуатты демонстрациясы болды.

СОКП Ленинград облыстық және қалалық комитеттерінің біріккен пленумында сөз сөйлеген Киров заводының прокат цехінің бригадирі Байков жолдас бы-

басшылықтың жоғары принципі — басшылықтың коллективтілігін қатаң сақтау міндеттеріне баса көңіл бөлінуде.

Партия ұйымдары коммунистер мен барлық еңбекшілердің революциялық қырағылығын барынша арттырып отыруға міндетті. Партия капиталистік қоршауды есте ұстап, ешуақытта ұмытпауды үйретеді, өйткені, бұл қоршау өзінің агенттерін бүлдіру әрекеттері үшін біздің арамсызға жіберіп отыр және жібере бермек. Осыны еске ала отырып, партия ұйымдары кадрларды іріктеп алу, жоғарылату және тәрбиелеу ісін жақсарту, халықтың барлық топтары арасында бұқаралық-саяси жұмысты ұйымдастыру жөнінде нақты шаралар белгілеуде. Партия насихатының бүкіл ісін едәуір жақсарту. Маркстің — Энгельстің — Лениннің — Сталиннің дүниені қайта өзгертетін, жеңімпаз, революциялық ілімін терең және творчестволықпен меңгеру қажет екендігі жана күшпен атап көрсетілуде. Партия, совет, кәсіподақ, комсомол ұйымдары жұмысшылардың, колхозшылардың, интеллигенцияның, барлық совет адамдарының материалдық әл-ауқатын жақсартуға күнбе-күн қамқорлық жасап отыруға, ССРО-ны өркендетудің бесінші бесжылдық жоспарын ойдағыдай орындау және асыра орындау, партияның XIX съезі алға қойған тарихи міндеттерді жүзеге асыру ісіне біздің партиялық резервтеріміз «ен мүмкіндіктерімізді толық пайдалану үшін халықтың творчестволық күштерін жұмылдырып, ұйымдастырып отыруға тиіс.

Біздің партиямыз — советтік қоғамның ұйымдастырушы және дем беруші күші. Совет адамдары Совет Одағының ұлы Коммунистік партиясы туралы заңды мақтанш сезіммен айтып отыр. Данышпаан Ленин бұдан жарты ғасыр бұрын ұйымдастырған біздің Коммунистік партиямыз өсіп, алып күшке айналды. Партия күреспен жеңістің үлкен жолынан өтті, Лениннің басшылығымен, Лениннің шәкірті және оның ісін алға апарушы ұлы Сталиннің және олардың серіктерінің басшылығымен партия ұрыстарда шынықты.

Коммунистік партияның күші және жеңілмейтіндігі — оның халықпен тығыз байланыстылығында. Совет халқы партияның ісін сыннан өткен кәсімі және ұста-

лері үшін Совет мемлекетін әлсірету мақсатын көздеді. Жауыз арандатушы және партияның жауы Берия бетін бұркен, әртүрлі айлакерлікпен сенімге ие болып, басшылыққа өтіп алған. Ішкі істер министрінің қызметіне қолы жеткеннен кейін ол ССРО Ішкі істер министрілігін үкімет пен Совет Одағының Коммунистік партиясынан жоғары қою үшін зұлымдық әрекет жасады. Өзінің өкметті басын алу жөніндегі қылмысты айлакерліктерін жүзеге асыруға тырысып, осы азғын мансапқор және авантюрист кадрларды өзінің жеке басына берілгендік принципі бойынша іріктеп алған. Берия ауыл шаруашылығын нығайту және өркендету жөніндегі аса маңызды шұғыл мәселелерді шешуге әртүрлі жалған сылтаулармен барынша кедергі жасап келген, колхоздарды әлсіретуді және елді азық-түлікпен жабдықтауда қиыншылықтар туғызуды өзіне мақсат етіп қойған.

— Біз, колхозшылар, — деді «Советская Белоруссия» колхозы басқармасының председатели Трушкевич жолдас Минск облыстық және қалалық партия комитеттерінің пленумында, — басшылыққа өтіп алған халық жауы Берияның біздің социалистік ауыл шаруашылығымызды қарыштап өсуін тоқтатып, біздің колхоздағы бақытты тұрмысымызды тартып алғанымыз келгенін кекті ызамен және лағнат айтқан сезіммен естіп білдік.

Партия мен халықтың қас жауы Берия әртүрлі зұлымдық амалдар қолданып, көп ұлтты социалистік мемлекеттің негіздерінің негізі — ССРО халықтарының достығын әлсіретуге тырысқан. Партияның ұлт-саясатын бұзушылыққа қарсы күресу деген жалған сылтауды бетке ұстап, ол ССРО халықтары арасында ірікті салып, араздық тудыруға, одақтас республикаларда буржуазияшыл-ұлтшыл элементтерді жандандыруға әрекеттенген.

— Халық жауы Берия ең қасиетті нәрсеге — біздің ұлы партиямыздың көп жылғы еңбегімен құрылған совет халықтарының достығына қастандық жасаған, — деп мәлімдеді Киев облыстық және қалалық партия комитеттерінің біріккен пленумында Украин ССР Ғылым академиясының вице-президенті Семененко

Біздің халқымыз ұлы Қытай Халық Республикасымен, халықтық демократияның барлық елдерімен достығын үнемі нығайтып келеді. Советтік қоғамның коммунизмге қарай өрлеп дамуын тоқтата алатын дүние жүзінде ешқандай күш жоқ.

МОСКВАНЫҢ ЖӘНЕ МОСКВА ОБЛЫСЫНЫҢ КОММУНИСТЕРІ СОКП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ПЛЕНУМЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫН БІРАУЫЗДАН МАҚҰЛДАУДА

Москваның және Москва облысының партия активімен басқосқан СОКП Москва облыстық комитеті мен Москва қалалық комитетінің біріккен пленумы

9 июльде, Одақтар үйінің Колонналы залында Москва облыстық және Москва қалалық партия комитеттерінің Москваның және Москва облысының партия активімен басқосқан, Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті пленумының қорытындыларын талқылауға арналған біріккен пленумы болды. Пленумының мәжілістеріне 2 мыңға жуық адам қатысты.

Пленумға қатысушылар баяндаманы және баяндаманы — СОКП Москва Комитетінің секретары Михайлов жолдас оқыған. Берияның партияға қарсы және мемлекетке қарсы қылмысты әрекеттері туралы СОКП Орталық Комитеті пленумының қаулысын аса зор ынтамен тыңдады. Бүкіл Москва партия ұйымының біртұтас еркін білдіріп, пленумға қатысушылар Берияның партияға қарсы және мемлекетке қарсы қылмысты әрекеттерін жою үшін СОКП Орталық Комитетінің Президиумы деркесінде және батыл қолданған шаралар бірден бір дұрыс шаралар болғандықтан толығымен мақұлданып, деген СОКП Орталық Комитеті пленумының қаулысын ұзақ, ду қолшапалақтап қарсы алды. Совет мемлекетін әлсіретуге бағытталған қастандық әрекеттері үшін Л. П. Берия, партия мен совет халқының жауы болғандықтан, Совет Одағының Коммунистік партиясының мүшелігінен шығарылып, деген СОКП Орталық Комитеті пленумының хабары және Л. П. Берияның қылмысты әрекеттері туралы істі ССРО Жоғарғы сотының қарауына беру жайындағы ССРО Жоғарғы Советі Президиумының қаулысын бірауыздан толық және қызу мақұлданып, ду қолшапалақтаумен қарсы алынды.

СОКП Москва Комитеті мен Москва қалалық комитетінің активпен басқосқан біріккен пленумы Москва партия ұйымының бірлігінің, оның СОКП Орталық Комитетінің төңірегіне тығыз топтасқандығының қуатты демонстрациясына айналды. Баяндаманы және жарыссөзде

рияның жауыздық әрекеттері туралы кекті ашу-ызамен айтты.

— Буржуазияшыл азғын Берияның зұлымдық әрекеті бүкіл партияның, бүкіл совет халқының ашу-ызамен тудырып, оған лағнат айтқызады, — деді Москва қаласының СОКП Ленин аудандық комитетінің секретары Гуляев жолдас. — Берияның партияға қарсы және мемлекетке қарсы қылмысты әрекеттерін жою үшін партиямыздың Орталық Комитетінің деркесінде және батыл қолданған шаралары терең қанағаттанған сезіммен қарсы алынып отыр.

Варо-Фомин қалалық партия комитетінің секретары Коленкин жолдас өзінің сөзінде СОКП Орталық Комитетінің пленумы қаулысының терең мәні мен орасан зор маңызын атап көрсетті. Коленкин жолдас идеологиялық жұмыстағы кемшіліктерді сынап, сын мен өзара сынды көң өрістетіп отыру, жұмыста қырағылықты арттыру қажет екендігін айтты.

— Партия бізге арқапан да және барлық істе принциптілікті, саяси өткірлікті сақтап отыруды, капиталистік қоршауды өрқашан да есте ұстап, қырағы болуды үйретеді, — деді «Трехгорная мануфактура» комбинатының директоры Севьяринов жолдас. — Біз Берияның ісінен саяси сабақ алуға тиісіміз. Бұл сілімтік және азғын жантүршігерлік қылмыстар жасау жолына түскен: елімізде коммунистік құрылыс ісіне кедергі жасауға тырысқан. Бұл азғынды әшкербелеп, зиянсыздандыраған партиямыздың Орталық Комитетіне біз зор алғыс айтамыз.

«Борец» колхозының председатели Ажирков жолдас ССРО-дағы колхоз құрылысын ешқандай жаулар ешуақытта да әлсірете алмайды деп мәлімдеді. Коммунистік партия тәрбиелеген колхозшы шаруалар еңбекшілердің жауы Берияға қарсы қолданылған шараларды құттықтап, қарсы алады.

Еңбекшілердің бұқаралық ұйымдарының өкілдері — Москва облыстық кәсіп-одақ Советінің председатели Васильев

сында әлі де артта қалып отырған өнеркәсіп орындарының бар екенін, кейбір колхоздардың шаруашылығы салақасып кеткендігін көрсететін фактілер келтірілді. Пленумға қатынасусшылар бұл кемшіліктерді жою жөнінде практикалық ұсыныстар енгізді.

Пленумда партия ұйымдарының партиялық-ұйымдастыру және идеологиялық жұмысты жақсарту саласындағы міндеттеріне көп көңіл бөлінді. Пленумда атап көрсетілгеніндей, Москва партия ұйымында Ленин жасап берген партиялық басшылықтың большевиктік принциптерін сақтау ісінде елеулі кемшіліктер бір. Бұл бір аудандық және қалалық партия комитеттері СОКП Уставы белгілеген пленум шақырудың мерзімдерін, коллективтік басшылық ету принциптерін бұрып жүр, сын мен өзара сынның ойдағыдай өрістетілуін қамтамасыз етпейді.

Партиялық насихат саласындағы ірі кемшіліктер атап көрсетілді. Москва партия ұйымындағы партия насихатында соңғы жылдары жеке адамның тарихтағы ролі туралы мәселені маркстік-лениндік тұрғыдан ұғынбай, ауа жайылушылық орын алды. Коммунистік партияның елімізде коммунизм орнатудағы басы күш ретіндегі ролін дұрыс түсіндірудің орнына партия насихаты бірсыпыра жағдайда жеке адамның қасиетіне табылу жолына түсті. ал, мұның өзі партияның және оның басшы орталығының ролін төмендетуге, партия бұқарасы мен еңбекшілердің қалың бұқарасының творчестволық белсенділігін бәсеңдетуге әкеліп соқтырады. Маркстің — Энгельстің — Лениннің — Сталиннің ілімін меңгеруге творчестволықпен қараудың орнына, бірқатар жағдайда доғмалық пен дүмшелік қолданылады. Партия, совет, шаруашылық кадрларын идеялық жағынан шынықтыруға, оларды партиялық және мемлекеттік тәртіпті қатаң сақтау рухында тәрбиелеуге жете көңіл бөлінбейді. Партия ұйымдары советтік патриотизм, ССРО ха-

қажетті қорытындыларды ұсынады.

— Киров заводының коммунистері мен барлық еңбекшілері жекеурын жау, халықаралық империализмнің агенті Берияны партиядан шығару туралы партияның Орталық Комитеті пленумының қаулысын және Берияны сотқа беру туралы Жоғарғы Совет Президиумының қаулысын бірауыздан қызу мақұлдайды. Берияны әшкерелеу: партиямыздың, үкметтің және халықтың мызғымас берік бірлігі жаулардың барлық жоспарларын, олардың барлық арам ниеттерін талқандап келгендігін және бұдан былай да талқандай беретіндігін тағы да айқын көрсетіп отыр. Біз қырағылықты бұрынғыдан да арттырамыз, Орталық Комитеттің төңірегіне бұрынғыдан да тығыз топтасамыз.

СОКП Орталық Комитеті пленумының қаулысын партия ұйымдарында талқылау коммунистердің толық бірауыздылығы мен топтасқандығы, жоғары белсенділігі жағдайында өтуде. Партия активімен басқосқан облыстық комитеттер мен қалалық комитеттердің біріккен пленумдары, сонымен қатар аудандық комитеттердің пленумдары партия ұйымдарының өркіні білдіре отырып, СОКП Орталық Комитеті пленумының қаулысын бүтіндей және толығымен мақұлдауда, оны бұлжытпай басшылыққа алуға және орындауға уәде беруде.

Берияның ісінен саяси сабақ алып, өздерінің бұдан былайғы жұмысы үшін қажетті қорытынды жасау қажет екендігі туралы Орталық Комитеттің нұсқауын басшылыққа ала отырып, партия комитеттерінің пленумдары партия ұйымдарының жұмысына талдау жасауда, кемшіліктерді сынап, Орталық Комитет алға қойған міндеттерді жүзеге асыру жөнінде нақты шаралар белгілеуде. Партия мен мемлекеттік аппараттың барлық буындарында партия басшылығын нығайту, партия басшылығының принциптері мен партия турмысының нормаларын дәлме-дәл орындап отыру, партия Уставының талаптарын сақтау, партиялық

зы, біздің барлық жеңістеріміздің дем берушісі және ұйымдастырушысы деп біледі. Совет Одағының Коммунистік партиясы бүкілхалықтық сүйіспеншілікке бөленген. Біздің халқымыз өзінің туысқан Коммунистік партиясына шексіз сенеді және ол партияның советтік қоғамның жетекші күші ретіндегі бірлігін шайқалтуға, оның ролін төмендетуге бағытталған әрекеттердің қандайы болса да талқандап, құрбанынын жақсы біледі.

Миллиондаған совет адамдарының халық жауларына деген мейрімсіз өшпенділігі туралы, Коммунистік партияға деген жалынды сүйіспеншілігі туралы ой-пікірлері жайында Москваның «Серп и молот» заводының жұмысшылары мен қызметшілерінің жыйналысында сөз сөйлеген осы заводтың жұмысшысы Романова жолдас тамаша айтты. Ол былай деді:

— Партия мен халықтың қас жауы Берия партияның бірлігін әлсіретуге, Отанмыздың халықтары арасында араздық тудыруға тырысқан, бірақ, партияның Орталық Комитеті бұл сұм жауды, империалистердің малайын деркөзінде әшкереледі. Біздің халқымыз Коммунистік партияны, туысқан Совет Үкметін жақсы көреді, партия мен үкмет біздің балаларымызды бақытқа жеткізді, халықтың мәдениетті және ауқатты турмысын дамытамыз етті. Біздің халқымыздың көңі жеткен және жеңіп алған табыстарына арам қолдарын ешуақытта сұға алмайтындығын жаулар біліп қойсын! Жаулар мен олардың сыйбайластарының бірде-бірі қатаң жазадан құтыла алмайтындығын олар біліп қойсын! Халық олардың ұлы зымындығын түп-тамырымен құртады! Жаулардың тіміскілеген әрекеттерінің бәрине жауап ретінде біз өз қатарымызды Коммунистік партияның, оның Орталық Комитетінің және туысқан Совет Үкметінің төңірегіне бұрынғыдан да тығыз топтастыра түсеміз.

Халықаралық империализмнің агенті Берияның қылмысты әрекеттері мен зұлымдық арам ниеттері капиталдың мүдде-

жолдас. — Халықтар достығын біздің ұлтты совет мемлекетінің негізі, туысқан совет республикаларының барлық табыстарының басты шарты болып табылады. Сондықтан да жекеурын жау өзінің ұлы қаруын осы учасотке бағыттаған. Халықтар достығының ұлы ісін ешуақытта және ешкім де бұза алмайды. Таладағы уақытта даңқты күн — украин халқының ұлы орыс халқымен қосылуының 300 жылдығы болады. Біздің украин халқы ұлы орыс халқының туысқандық көмегі ешуақытта ұмытпайды және бұдан былай да онымен және еліміздің басқа халықтарымен достығын нығайта береді.

СОКП Орталық Комитеті пленумының қаулысын мақұлдап отырып, партия ұйымдары, бүкіл совет халқы өз қатарын Коммунистік партияның, оның Орталық Комитетінің және Совет Үкметінің төңірегіне бұрынғыдан да тығыз топтастыруда, партия жасап берген саясатты жүзеге асыру жолындағы күресте өз күштерін еселеп арттыруда.

Коммунистік партия бастап, дем беріп отырған совет халқы бейбіт құрылысқа барлық күштерін жұмсап, бесінші бесжылдықты орындау және асыра орындау жолындағы жарысты бұрынғыдан да көбі өрістетуде, бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшіліктің мызғымас тірегі — өзінің социалистік Отанының қуаттылығын барынша нығайтуда. Игілікті бейбіт еңбекпен шұғылданып жатқан совет халқы империалистер мен олардың жекеурын малайларының тіміскілеген әрекеттерін қырағылықпен қадағалап, арандату әрекеттері мен авантюралар ұйымдастырушыларға күйрете тойтарыс беруде. Біздің халқымыз ұлы Қытай Халық Республикасымен, халықтық демократияның барлық елдерімен достығын үнемі нығайтып келеді. Советтік қоғамның коммунизмге қарай өрлеп дамуын тоқтата алатын дүние жүзінде ешқандай күш жоқ.

«Правданың» 11 июльдегі басмақаласы).

ЖАҢА ҮЙЛЕР

Қазақстанның астанасы көркейіп, өсем қалаға айналып келеді. Алматының кең көшелері мен проспекттерінде көп қабатты және көп пәтерлі жаңа үйлер барған сайын көбейуде. Киров көшесінде «Казметаллопромразведка» тресті коллективінің 11 пәтерлі тұрғын үйі салынып болды. Гоголь көшесі мен 8-март көшесінің түйіскен бұрышында үлкен өсем үйдің құрылысы аяқталды. Оның маңдай алды ашық бояумен сырланып, қазақтың ұлттық өрнектерімен көмкерілген.

Кәзір Алматыда, қаланың шет аймақтарында салынып жатқан жеке үйлерді қоспағанда, 150 тұрғын үй салынауда. Алматыда тұрғын үйлер салу жұмысына ғана 65 миллион сомға жуық қаржы жұмсалады.

(ҚазТАГ).

ның Комитетінің пленумы қаулысының партия үшін, бүкіл совет халқы үшін орасан зор маңызы бар екенін айтты. Пленумға қатысушылар СОКП Орталық Комитеті пленумының қаулысын барлық партия ұйымдары толық қолдап және мақұлдап қарсы алады деп мәлімдеді.

Пленумға қатысушылар бірауыздан мынаны атап көрсетті: партияның Орталық Комитеті Н. В. Сталин қайтыс болғаннан бергі 4 айдың ішінде елдің бүкіл өміріне іркіліссіз және дұрыс басшылық жасауды қамтамасыз етті, партия мен халықты коммунизм құрылысы міндеттерінің төңірегіне топтастыру, Отанмыздың экономикалық және қорғаныс қуатын нығайту жөнінде, жұмысшылардың, колхозшылардың, интеллигенцияның, барлық совет адамдарының турмысын онан әрі жақсарту жөнінде зор жұмыстар істеді. СОКП XIX съезінің қарарларын жүзеге асыра отырып, партия халық шаруашылығының барлық салаларын мықтап өркендетуді қамтамасыз етті. Совет Үкметінің бейбітшілік саясатты дәйектілікпен жүзеге асыруы ССРО-ның халықаралық жағдайының оған әрі нығайтуына, еліміздің беделінің артуына, бейбітшілікті сақтау және баянды ету жолындағы бүкіл дүниежүзілік қозғалыстың елеулі түрде өрістеуіне жеткізді. Партияның Орталық Комитеті коммунистік қоғам орнатудың түбірлі міндеттерін ойдағыдай шешу үшін партия мен үкметке басшылық ету ісінде біріктірілген қамтамасыз етуге ерекше қамқорлық жасап келді.

Пленумда шығыс сөйлеушілер партияның және совет халқының сұрқыя жауы, халықаралық империализмнің агенті Бе-

жолдас және Мәскеу облыстық комсомол комитетінің секретары Халдеев жолдас комсомолдақтардың миллиондаған мүшелерінің, комсомолетердің, жастардың пікірін білдіре келіп, Берияның сұрқыялық, дұшпандық әрекеттері туралы кекті-ызмен айтты. Шешендер барлық еңбекшілердің Коммунистік партияның төңірегіне топтасқандығын, олардың жеңімпаз коммунистік құрылыстың ісіне барлық күшін жұмсауға өзін отырайдығын мәлімдеді.

Совет интеллигенциясының атынан сөз сөйлеген ғылымның, әдебиет пен искусствоның қайраткерлері — пленумға қатысқан академик Топчиев, профессор Вовченко, жазушы Симонов біздің елімізде Коммунистік партияның басшылығымен қол жеткен ғылым мен мәдениеттің табыстары туралы айтты. Совет ғалымдары, мәдениет қызметкерлері, деді академик Топчиев, халық жауы Берияның партияға қарсы және мемлекетке қарсы қылмысты әрекеттерін маскаралап, ләззат айтады және олар партияның XIX съезі алға қойған тарихи міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыруға өздерінің барлық күшін мен білімін жұмсаймыз деп партия мен совет халқына уәде береді.

СОКП Орталық Комитеті пленумының Берияның ісінен саяси сабақ алып, өздерінің бұдан былайғы жұмысы үшін қажетті қорытындылар жасау жөніндегі үндеуіне жауап бере отырып, Москваның және Мәскеу облысының коммунистері партия мен совет ұйымдарының шаруашылық құрылыс және коммунистік тәрбие жөніндегі жұмысында болған кемшіліктерді ашып, сынады.

Пленумда Москва мен Мәскеу облы-

сының Орталық Комитетінің төңірегіне топтасқандығын, олардың жеңімпаз коммунистік құрылыстың ісіне барлық күшін жұмсауға өзін отырайдығын мәлімдеді. Совет интеллигенциясының атынан сөз сөйлеген ғылымның, әдебиет пен искусствоның қайраткерлері — пленумға қатысқан академик Топчиев, профессор Вовченко, жазушы Симонов біздің елімізде Коммунистік партияның басшылығымен қол жеткен ғылым мен мәдениеттің табыстары туралы айтты. Совет ғалымдары, мәдениет қызметкерлері, деді академик Топчиев, халық жауы Берияның партияға қарсы және мемлекетке қарсы қылмысты әрекеттерін маскаралап, ләззат айтады және олар партияның XIX съезі алға қойған тарихи міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыруға өздерінің барлық күшін мен білімін жұмсаймыз деп партия мен совет халқына уәде береді.

«СОКП Москва Комитеті мен Москва қалалық комитетінің біріккен пленумы активімен бірлесіп отырып, — делінген көрсетілді. Толық бірауыздылық және топтасқандық жағдайда қабылданған өзінің қарарында СОКП Москва Комитеті мен Москва қалалық комитетінің біріккен пленумы Совет Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің қаулысын бүтіндей және толық мақұлдап, оны бұлжытпай басшылыққа алуға және орындауға қабыл алды. Қарарда Москва мен Москва облысы партия ұйымдарының біздің партиямыздың Орталық Комитетінің пленумы алға қойған міндеттерді жүзеге асыруы жөнінде практикалық шаралар белгіленді.

«СОКП Москва Комитеті мен Москва қалалық комитетінің біріккен пленумы активімен бірлесіп отырып, — делінген көрсетілді. Толық бірауыздылық және топтасқандық жағдайда қабылданған өзінің қарарында СОКП Москва Комитеті мен Москва қалалық комитетінің біріккен пленумы активімен бірлесіп отырып, — делінген көрсетілді. Толық бірауыздылық және топтасқандық жағдайда қабылданған өзінің қарарында СОКП Москва Комитеті мен Москва қалалық комитетінің біріккен пленумы активімен бірлесіп отырып, — делінген көрсетілді.

«СОКП Москва Комитеті мен Москва қалалық комитетінің біріккен пленумы активімен бірлесіп отырып, — делінген көрсетілді. Толық бірауыздылық және топтасқандық жағдайда қабылданған өзінің қарарында СОКП Москва Комитеті мен Москва қалалық комитетінің біріккен пленумы активімен бірлесіп отырып, — делінген көрсетілді.

ОБЛЫСЫМЫЗДЫҢ ӨНЕРКӘСІП ОРЫНДАРЫНДА

Жаңа әдісті қолдану нәтижесі

Петропавл шағын двигательдер зауытында куйбышевтық Василий Колесовтың металлды қалың кесу әдісін үйрену жөнінде стажановшылар мектебі ұйымдастырылып, ол іске кірісті. Бұл мектепті инженер Копылов жолдас басқарады. Мектеп сабағына қатысушылар жаңа әдіс жөнінде бір-біріне лекциялар тыңдады, сынау жұмыстарын жүргізді.

Кәзір кәсіпорынның озат токарьлары Никифоров, Порехин және Петров Колесовтың әдісін жітік итеріп, өздерінің

«ДПП—200» станогінде қолдануда.

Металды қалың кесу әдісін үйрену жөнінде стажановшылар мектебі ұйымдастырылып, ол іске кірісті. Бұл мектепті инженер Копылов жолдас басқарады. Мектеп сабағына қатысушылар жаңа әдіс жөнінде бір-біріне лекциялар тыңдады, сынау жұмыстарын жүргізді.

Жаңашылдық үлгісімен жұмыс істеген алдыңғы қатарлы токарьлар мен фрезеровщиктер еңбек өнімділігін үш-төрт есе арттыруда.

Х. РАХМЕТОВ.

400 мың сом үнем

Қаладағы озат кәсіпорындары сияқты, нан комбинатының коллективі де жылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарыста жақсы көрсеткіштерге жетіп келеді.

Комбинат өткен айда жартыжылдық жоспарды мерзімінен бұрын асыра орындады, сонымен қатар, жұмыс өнімділігін арттыра отырып, өнімнің өзіндік бағасын кеміту және мемлекет қаржысын үнемдеу жолындағы күресті күшейте түсуде. Сондықтан олар өткен айларда өнімнің өзіндік құнын жоспарда көрсетілгендегіден екі есе кемітіп, 400 мың сом мемлекет қаржысын үнемдеді.

Социалистік жарыста жартыжылдық жоспарды 112 процент орындап, 6 тоннадан астам шикізат үнемдеген В. Белоусов пен 8 тоннадан астам шикізат үнемдеген Н. Добринна жолдастардың басқаруындағы комсомол-жастар бригадасы алда келеді. Бұл екі бригаданың елеулі де мінсіз сапалы өнім шығару бригадасы атағын алған.

Комбинат коллективі еңбек қарқынын үдете отырып, жылдық жоспарды Сталиндік Конституция күні — 5 декабрьге дейін орындау үшін күресуде.

М. БОРЦОВ.

Қазақстанның ертеден келе жатқан педагогикалық училищесі

СЕМЕЙ. (ҚазТАГ). Семейдің Ушинский атындағы педагогикалық училищесін студенттердің кезекті тобы бітіріп шықты. Жүзден аса жігіттер мен қыздар бастауыш мектеп мұғалімінің мамандығын алып, еліміздің әртүрлі пункттеріне жұмысқа жіберілуде. Оқу орны коллективінің турмысындағы осы қуанышты оқиғаға екінші бір даңқты күнге тұстас келді. Семейдің педагогикалық училищесіне 50 жыл толды. Жарты ғасыр уақыттың ішінде училищеді орасан көп өзгерістер болды. Революцияға дейін оның жағдайы өге ауыр еді. Оқушылар өзін өзі асырау, пәтерге ақы төлеу, кітап пен оқу құралдарын сатып алу үшін жалданып жұмыс істеуге мәжбүр болды. Ол кезде

гимназистер деп аталған бұл оқушылардың жатақханасы, асханасы, кітапханасы болмады. Гимназистерге тек төрт пәнінен ғана сабақ берді.

Кәзір училищенің оқушылары 31 пәнді оқып отыр. Педагогикалық училищенің студенттерге арналған көркем жатақханасы, үлкен кітапханасы, асханасы бар. Жастар іші кең және жарық аудиторияларда оқып, терең білім алуға. Ерекше көңіл аударатын бірнәрсесол, бұрынғы Семей гимназиясы резюлюциядан бұрынғы барлық жылдарда қанша мұғалім даярлаған болса, кәзіргі училищеді соңғы екі жылдың өзінде ғана дәл сол мөлшерде мұғалім даярлап шығарды.

ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ

Кадрлармен жұмысты жақсарта береміз

★
Ш. ҚАБДУНАСОВ,
ҚКП Петропавл аудандық комитетінің
секретары
★

лықты оған әрі өркендету жөнінде облыстың барлық ауылшаруашылық қызметкерлеріне үндеу жазды.

«Лұч Ленина» колхозының колхозшылары социалистік жарыста алған міндеттемелерін абырмен орындау үшін қажырлылықпен күресуде. Колхозда мал азығын дайындау, мал қораларын жөндеу, егін жыйнау науқанына әзірлік жұмыстары жан-жақты, қызу қарқынмен жүргізілуде.

Ауданда соңғы жылдары колхоз председателдерінің семинарларын өткізу әдісі жиі қолданылатын болды. Быйыл мұндай семинарлар екі рет өтті. Ол семинарларда колхоз председателдері теориялық тақырыптардағы лекциялардан басқа «колхоз құрылысының практикалық мәселелері, советтік агробиология ғылымының табыстары жөнінде баяндамалар тыңдап, өздерінің тәжірибелерін ортаға салды.

Аудандық партия комитетінің шаруашылық және мәдени құрылыс саласына басшылық дәрежесінің жоғары болуы, бұқарамен байланысына күн санап арттырылып отыруы бастауыш партия ұйымының жұмысына тілекей байланысты екені мәлім. Осыны еске алып, аудандық комитет бастауыш партия ұйымдарының жұмысын партия қойған талаптарға сай ұйымдастыру, олардың секретарьларын партиялық жұмыстың практикалық мәселелеріне үнемі үйрету ісіне ерекше назар аударып келеді.

Партия ұйымдарының өткен есеп беру-сайлау жыйналыстарында бірнешіре бастауыш партия ұйымдарының секретарьлығына партиялық жұмыстан тәжірибелері аз жас коммунистер сайланды. Солардың бірі — Буденный атындағы колхоз партия ұйымының секретары Строчков жолдас. Бұл колхозда аудандық партия комитетінің секретарьлары және басқа қызметкерлері жиі болды. Олар партия ұйымының өмірімен терең танысып, Строчков жолдасқа партия ұйымының ішкі жұмысын ұйымдастыру жөнінде нақтылы көмек көрсетіп отырды.

Бұл ұйымда, әсіресе, аудандық партия комитетінің нұсқаушысы Логань жолдас жиі болды. Ол партия ұйымының секретарына жұмыс жоспарын жасау, үгітшілер коллективіне қалай басшылық ету, колхоз басқармасының жұмысына партиялық бақылау жасау жөнінде көптеген

тыңдап, талқылауды әдетке айналдырық. Осы жылғы январь айында аудандық партия комитетінің пленумында «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозы партия ұйымының жұмысы туралы мәселе талқыланды. Пленум партия ұйымының колхоз өндірісіне басшылық жасау ісінде орын алған кемшіліктерді ашып, ол кемшіліктерді жою жөнінде нақтылы шаралар белгіледі. Аудандық партия комитеті пленум қаулысын жүзеге асыру жөнінде ұйымдастыру жұмыстарын жүргізді.

Бастауыш партия ұйымдарының секретарьларының іскерлігін үнемі арттырып отыру мақсатымен екі айда бір рет олардың тұрақты семинарларын өткізіледі. Бастауыш партия ұйымдарының секретарьларының семинарларында теориялық тақырыптарда лекция цикльдері оқылады, партиялық -ұйымдық және партиялық -саяси жұмыстың нақтылы мәселелері талқыланады. Сонымен қабат, олардың өзара тәжірибе ауысуы ұйымдастырылады.

Біздің кадрларымыздың күші — олардың маркстік-лениндік теорияны терең үйренуінде. Кадрлардың идеялық-теориялық білімдері неғұрлым жоғары болса, олардың жұмыстары солғурлым табысты болатыны сөзсіз. Партия ұйымдары кадрлардың оқуына күнбе-күн қамқорлық жасап отыруға тиіс.

Ауданның басшы қызметкерлері жыл сайын партия оқуы жүйесінің түрлі буындарында оқын келеді. Аяқталып отырған оқу жылында басшы партия, совет қызметкерлерінен 26 адам көшкі партия мектебінде, 41 адам партия-шаруашылық активінің тұрақты семинарларында оқыды. Бұлардан басқа жолдастар саяси мектептер мен үйірмелерге қамтылды. Аудан партия ұйымы партия оқуы жүйесіндегі жана оқу жылына үлгілі әзірлену мәселесін өзінің басты міндеттерінің бірі егін қойып отыр.

Ауданның партия ұйымы принципі сыны мен өзара сынды кеңінен өрістетуде. Аудандық партия комитетінің пленумдары, партия активінің жыйналыстары, партия ұйымдарының жыйналыстары СОКП Уставында көрсетілген мерзімде өтіп, онда істегі кемшіліктер батыл сынылып келеді.

Сөйтіп, аудандық партия комитеті кадрларды іріктеп алу және тәрбиелеу ісін онан әрі жақсарту мәселесіне үнемі назар аударып отыр. Алайда, кадрлармен жұмыста елеулі кемшіліктер мен қателіктер жоқ деуге болмайды. Бізде әлі де болса кадр мәселесіне формальді қарау, кейде кадрларды саяси және іскерлік са-

Еңбекшілерді мәдениетті қамтыйық

СОКП XIX съезі өзінің бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларында халықтың өсіп отырған мәдени тілектерін жақсы қанағаттандыру мақсатымен киноны, кітапханаларды, клубтарды және басқа мәдени орындардың санын онан әрі көбейтіп, осы мақсаттарға жұмсалатын мемлекеттік күрделі қаржының көлемін өткен бесжылдықтармен салыстырғанда, шамамен, 50 процент арттыруды көздеп отыр. Коммунистік партия мен Совет Үкіметі мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысына күнбе-күн қамқорлық жасап келеді.

СОКП Орталық Комитетінің идеологиялық мәселелер жөніндегі қаулыларын басшылыққа ала отырып, жергілікті партия, совет ұйымдарының басшылығымен Петропавл ауданының мәдени-ағарту мекемелері еңбекшілерді коммунистік рухта тәрбиелеу жолында едәуір жұмыстар жүргізді.

Бұл күндері аудан колхоздарында 2 селолық клуб, 7 оқу үйі, 2 селолық кітапхана, аудандық кітапхана бар. Архангель селосында Мәдениет үйі салынды. 5 колхозда жаңадан колхоз клубы салынып жатыр. Кітапханалардағы кітаптар саны да жыл сайын көбейе түсуде. Кезір мәдени-ағарту мекемелерінің кітапханаларында 14420 дана көркем, саяси, ауылшаруашылық және басқа әдебиеттер бар. Мұндағы тұрақты кітап оқушылардың саны 3 мыңға жуық.

Ауданның мәдени-ағарту мекемелері СОКП XIX съезінің материалдарын және И. В. Сталин жолдастың «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген данышпандық еңбегі мен съездің қорытынды мәжілісінде сөйлеген сөзін кеңінен насихаттауда.

Шөл шабу науқаны кезінде мәдени қостар мен трактор бригадаларында мәдени-ағарту мекемелерінің арнаулы үгіт бригадалары жиі болып тұрады. Олар бригада мен отрядтардың қабырға газеттерін шығарып, XIX съездің материалдары мен халықаралық жағдай туралы әңгімелер өткізді, колхозшылар арасында социалистік жарысты кеңінен өрістетуге көмектесті. Социалистік жарыстың қорытындысын уақытылы шығарып, оны құрмет тақтасына, жауынгерлік листоктар мен қабырға газеттеріне жазып отырды.

Аудандық кітапхананың жұмысы да

біраз жақсара түсті. Оның кітап қоры 5 мың данаға жетеді, кітапханада 400-ден астам кітап оқушы бар. Кітапхананың жанынан ұйымдастырылған жылжыма-лы 12 кітапхана көктем егісі және пішен шабу кезінде колхозшыларды жаңа газет, журналдармен, көркем әдебиеттер мен тыңғылықты қамтыды. Кітапханың жұмысын 47 адамнан құрылған кітапхана советі басқарады. Үстіміздегі жылы кітапхана 3 рет кітап оқушылар конференциясын және малшыларға арналған кеш өткізді. Сол сияқты, Асаново, Ново-Каменка селолық кітапханаларының жұмыстары да жақсара түсті. Кітапхана жұмыстарына село интеллигенциясы көп тартылады.

Алайда, ауданның басқа мәдени-ағарту мекемелерінде істің жайы бұлай болмай отыр. Олардың бірқатары колхозшылардың өскелең мәдени тілегіне жете көңіл бөлмейді. Мұның негізгі себебі кейбір ауылдық және селолық Совет атқомдері өзінің мәжілістері мен сессияларына мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысы туралы мәселені аз қояды, олардың жұмысына күнбе-күн басшылық жасап отырмайды. Плосск селолық Советіне қарайтын Буденный атындағы, Ворошилов атындағы колхоздарда көп уақыттан бері арнаулы оқу үйі жоқ. Сол себепті олар колхоздың, не селолық Советтің кеңселерінде жұмыс істеуге мәжбүр болып отыр. Бескөл селолық Советіндегі Чапаев атындағы колхозда да істің жайы дәл осындай.

Кезір селолық Советтердің алдында оқу үйлері мен клубтарды жөндеп, қысқа отын әзірлеу сияқты жауапты міндеттер тұр. Бірақ, осындай маңызды жұмыс ауданның кейбір колхоздарында осы уақытқа дейін қолға алынбай отыр. Селолық Совет пен колхоз басқармалары шаруашылық жұмыстармен ғана айналысып, мәдени-ағарту мекемелерінің үйлерін ағымдағы және күрделі жөндеуде өткізу жөніндегі мәселені екінші кезекке қалдырып келеді.

Ауданның мәдени-ағарту мекемелері өткен жылғы кемшіліктерден тиісті дәрежеде қорытынды шығарып, оны үстіміздегі жылы қайталамау үшін қысқа барлық жағынан үлгілі әзірленулері керек.

Д. СИЛАНТЬЕВ,
Аудандық мәдени-ағарту бөлімінің меңгерушісі.

Свердловтың мемлекеттік симфония оркестрінің гастролі

15-16 июль күндері қаладағы мәдениет және демалыс паркінде еліміздегі таңдаулы симфониялық коллективтің бірі— Свердловтың мемлекеттік симфониялық оркестрі концерт береді. Соңғы жылдарда оркестр Отан жүрегі—Москвада болып, оның концерті жоғары бағаланды. Оркестрдің еліміздің басқа қалалары мен өнеркәсіп орындарында берген концерттері де табысты болып өтті.

шығармалары және Хачатурян мен Дунаевскийдің шығармалары бар.

Свердловтың мемлекеттік симфония оркестрінің құрылғанына жыйырма жылдай уақыт болды. Оның құрамында 64 адам бар. Бұлардың ішінде маман музыканттармен бірге Москва, Ленинград және басқа қалалардың консерваторияларын бітіріп шыққан талантты жастар бар. Оркестрдің көркемдік жағын бас ди-

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНИҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 10 июль. (СОТА). Корей Халық Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі бүгін халық әскерлерінің бөлімдері өткен күні Ионхвонь ауданының батысына таман жерде жергілікті маңызы бар ұрыстар жүргізуде болды деп хабарлады. Дүшпан бірнеше ондаған танктердің қолдауымен 3 полктей әскердің күшімен күні бойы күшті атақалар жасады, алайда, дүшпанның барлық атақаларын халық әскерлерінің бөлімдері жойып тастады.

Бүгін халық әскерлерінің зенит бөлімдері және жау самолеттерін атқыптар дүшпанның 2 самолетін атып түсіріп, 3 самолетін зияндады.

ПАНЫНЫҢ ЖОНЬДЕГІ КЕЛІССӨЗДЕРДЕГІ КОРЕЙ-ҚЫТАЙ ДЕЛЕГАЦИЯСЫНЫҢ МАЗМУҢДАМАСЫ

ПЕКИН, 10 июль. (СОТА). Синьхуа агенттігінің тілшісі Кэсоннан корей-қытай делегациясының мазмұндамасының тексін берді, онда былай делінген:

10 июльде екі жақ делегациясының жабық мәжілісі болды. Келесі мәжіліс 11 июльдің күндізгі сағат 11-іне тағайындалды.

ИНДИЯДАҒЫ ЕРЕУІЛДЕР

ДЕЛИ, 8 июль. (СОТА). Бурнпурдағы болат қорытатын заводтардың 14 мың жұмысшысы жұмысшыларды жұмыстан шығаруға және тұрмыс жағдайларының нашарлануына қарсы наразылық білдіріп, көп уақыттан бері ереуіл жасауда. Ереуілді болдырмауға тырысқан кәсіподақтардың бүлдіргіш әрекеттеріне қарамастан, жұмысшылар күресті жүргізе беруде. Бурнпурде тұрмыс жағдайларын жақсарту үшін күресте кәсіподақ бірлігін нығайта беру ұранымен ереуілге қатысушылар жаппай демонстрациялары өтіп жатыр. Демонстрацияны таратып жіберу үшін полиция оған оқ атқан.

«Стейтсмен» газеті кеше қалада тағы да демонстрация болғандығын хабарлайды. Полиция демонстрацияға қатысушыларға оқ атқан; бір адам оққа ұшып, көп адамдар жараланған. Қалада кәсіподағының 40 қайраткері тұтқынға алынған.

Калькуттада трамвай билетінің бағасын қымбаттатқан трамвай компаниясына қарсы халықтың күресі әлі болып жатыр. «Стейтсмен» газетінің бүгінгі жазғанына қарағанда, Калькуттаның тұрғын адамдары трамвай компаниясына бойкот жариялаған. Қалада адамдарды жаппай тұтқындау әлі болып жатыр.

БАТЫС ГЕРМАН ЕҢБЕКШІЛЕРІ ПОЛИЦЕЙЛІК ОЗЫРЛЫҚҚА ҚАРСЫ

БЕРЛИН, 10 июль. (СОТА). АДН агенттігінің хабарына қарағанда, «тау кеншілерінің қаласы» Вюропте батыс

өндірісін ұйымдастыру жөнінде бағалы ұсыныстар жасады. Осының нәтижесінде Шелкунов жолдас басқарған колхозда мал қысқату маусымы, көктемгі егіс жұмыстары үлгілі өткізілді. Көзір колхоз мал азығын дайындауда ауданның алдығы қатарлы колхоздарының бірінен саналады.

Колхоз председателінің бір шаруашылықта ұзақ уақыт жұмыс істеуі артель шаруашылығын дұрыс басқарудың қажетті бір шарты болып табылады. Мұны біз тәжірибеден айқын көріп отырмыз. Бауқенов жолдас «Луч Ленина» колхозында бірнеше жылдан бері председателі болып істеп келеді. Осы уақыттың ішінде колхоз ұйымдық-шаруашылық жағынан айтарлықтай нығайды. Колхоз өткен жылы облыста бірінші болып миллионер атағын алды. Быйыл бұл колхоздың колхозшылары қоғамдық шаруашы-

нұсқаулар берді. Бұрын шаруашылық коммунистердің жыйналысында тек аудандық комитеттің ұсынған мәселелерін талқылап ғана келген болса, көзір ол партия ұйымы мен колхоз өмірінен алынған мәселелерді жиі талқылайтын болды.

Бастауыш партия ұйымдарының секретарьлары аудандық комитетке партия жыйналысы қашан өтетіндігін және онда қандай мәселелер талқыланатынын алдын ала хабарлап отырады. Мұның өзі аудандық партия комитеті қызметкерлерінің бастауыш партия ұйымдарының жыйналыстарында болып, оның жоғары дәрежеде өтуіне көмек көрсету үшін қолайлы жағдай туғызды.

Біз бюро мәжілістерінде бастауыш партия ұйымдары секретарьларының жас коммунистерді тәрбиелеу, үгітшілердің жұмысы, кәсіподақ, комсомол және басқа ескікті қоғам ұйымдарына басшылық ету мәселелері жөніндегі баяндамаларын жиі

тері бойынша жұмысқа белгілеу фактілері бар. Аудандық партия комитеті және ауданның совет, шаруашылық орындары кадрлардың төменгі буындары — механизаторлармен, бригадирлермен, ферма менгерушілерімен, ауыл-селолық жерлердегі сауда, финанс қызметкерлермен жұмысты мүлдем жеткіліксіз жүргізіп отыр.

Кадрларды іріктеп алу және тәрбиелеу жөніндегі кемшіліктеріміз жақында болып өткен аудандық комитеттің пленумында батыл сыналды. Пленум кадрлармен жұмысты онан әрі жақсарту жөнінде нақтылы шаралар белгілеп, қаулы алды. Көзір пленум қаулысы аудан партия ұйымдарында талқыланып, алғашқы шаралар жүзеге асырылуда.

Ауданның партия ұйымы өзінің жұмысындағы кемшіліктерді батыл жойып, кадрлармен жұмысты жақсарту береді.

қаласына келіп, алғаш рет концерт беруі қала жұртшылығының сөзсіз назарын аударатын болады. Бұл концертте орыс және Батыс Европа классиктерінің, совет композиторларының шығармалары тыңдалады.

Концерттің программасында Глинканың, Чайковскийдің, Бородиннің, Григтің, Вагнердің, Листтің симфониялық

Маман кадрлар

Қаладағы механикалық техникумды жыл сайын көптеген адамдар бітіріп, республика мен облысымыздың МТС-теріне, колхоздарына және совхоздарына қызметке барады. Тек үстіміздегі жылдың өзінде ғана техникумды 161 адам бітіріп шықты.

П. Посикан, Ю. Федорова, Н. Жуков және басқа студенттер диплом жұмыстарын үздік бағалармен тапсырды.

рижер бүкілодақтық дирижерлер конкурсының лауреаты, профессор М. И. Паверман басқарады. Концертке Свердловтың мемлекеттік филармониясының солистері Е. Зайцева, Р. Орлова және В. Веляев жолдастар қатысады.

М. ОСИПОВ,
Искусство істері жөніндегі облыстық бөлімнің менгерушісі.

Колхоздың радиоторабы

Соколов ауданының бірқатар колхоздарында жаңа радио тораптары салынып жатыр. Буденный атындағы колхозда 250 точкалы радиоторабы орнатылды. Мұндай радио торабы «Путь Ильича» колхозында да салынып жатыр.

Ленин атындағы, Калинин атындағы колхоздар радиоторабын орнату жөнінде аудандық байланыс мекемесімен шарт жасады. **А. РАҚЫМОВ.**

тысқан митингісі болған, онда коммунистік «Нейе фольксейтунг» және «Фольксэхо» газеттері жөніндегі полицейлік озбырлыққа қарсы наразылық білдірген. Митингке қатысушылар конфискаленген баспахана машиналарын дереу қайтаруды талап еткен. Олар осы газеттер редакциялары қызметкерлеріне полицияның шабуыл жасауын конститутцияны ашық бұрмалау және Германияның Коммунистік партиясының сайлау алдындағы күресіне кедергі жасау деп өшкерелеген.

БАТЫС ГЕРМАНИЯДА ӘУЕ-СОҒЫС КҮШТЕРІН ЖАСАУҒА ӘЗІРЛІК

БЕРЛИН, 10 июль. (СОТА). АДН агенттігі Аденауэр үкіметі батыс герман әуе-соғыс флотияның жойқын авиациясының құрамаларын жасау үшін ғана 86 мың адамды шақыруға ниеттеніп отырғандығын хабарлайды. Бұл авиация алғашқы уақытта 1400 сәулелетпен құралуға тиіс, оның 90 проценти американ конструкциясының реактивтік истребительдері болады. Мұны Батыс Германияның фашистік «Зольдатен-Цейтунг» газетінің тілшісімен әңгімелескенде көзіргі Бонн үкіметінің чиновнигі бұрынғы гитлершіл полковник Штейнгоф хабарлаған.

БАТЫС ГЕРМАНИЯДА САЙЛАУ 6 СЕНТЯБРЬГЕ ТАҒАЙЫНДАЛҒАН

БЕРЛИН, 10 июль. (СОТА). АДН агенттігінің хабарына қарағанда, Бонн резиденті Хейс батыс герман бундестагының жаңа сайлауын осы жылдың 6 сентябріне тағайындаған.

ЖАПОНИЯДАН АМЕРИКАН ӘСКЕРЛЕРІН КОРЕЯҒА ЖӨНЕЛТУ

ЛОНДОН, 10 июль. (СОТА). Рейтер агенттігі тілшісінің Тониодан берген хабарына қарағанда, Оңтүстік Корей үкіметі бітімді болдырмауға қарсы бағытталған батыл шаралар қолдана қалса деген ниетпен Корейдағы американдық әскерлері Жапониядағы әскери күшпен толықтырылуда көрінеді.

Редактор **Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ПОЛК ҚЫЗЫ»

Сеанстар сағат 4-6-8-10-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«КӨК ТЕҢІЗДІҢ ЖАҒАСЫНДА»

Сеанстар сағат 4-6-8-10-да басталады.

ЖАЗҒЫ КИНОТЕАТРДА

«БЕЛИНСКИЙ»

Сеанстар сағат 6-9-11-де басталады.

Совет әйелдері—коммунизмнің бөлсенді құрылысшылары

Партия мен үкіміміздің қамқорлығына бөленген совет әйелдері елімізде коммунизм орнату ісіне, халықтың әл-ауқат және мәдени дәрежесін барған сайын жақсарту берудің ұлы программасы болып отырған партияның XIX съезінің директиваларын ойдағыдай орындау ісіне белсене қатысады.

Нашалау Россия кезінде еңбекші әйелдер қараңғылықта, күдікте болып, ауыр азапты өмірді бастарынан кешірді. Адамды адам қанау негізінде құрылған қоғам әйелдердің оқып білім алуына, өздерінің бойындағы дарындылық қасиеттерін көрсетуіне, бостандыққа, еркін еңбекке, біліміне ұмтылған үміттерін тұншықтырды.

Адамзаттың тең жартысы болған әйелдер саяси, экономикалық және мәдени мәселелерді шешу жұмыстарынан мүлдем аластатылып отырылады. Ал, қазақ әйелдерінің революциядан бұрынғы өмірін еске түсірудің өзі қорқынышты. Олар ешқандай адамдық правомен, болмашы болса да бас еркімен пайдалана алмады.

Тек Ұлы Октябрь социалистік революциясы тудырған советтік қоғам құрылысы ғана, Коммунистік партия мен совет өкіметі ғана бүкіл совет халқы сияқты, совет әйелдерін де өмір азабынан құтқарып, теңдікке жеткізді.

Әйелдер қанаудан құтылған жерде олардың алдында өсудің даңғыл жолы ашылатындығын совет әйелдерінің өмірі айқын дәлелдеп отыр.

Коммунистік партияның ұлы көсемі В. И. Ленин 1920 жылдың өзінде-ақ: «Бізге керекті әйел-қызметкерлердің заң

бойынша ғана емес, өмірде де еркек-қызметкерлермен тең болуы. Ол үшін әйел-қызметкерлердің қоғамдық кәсіпорындарды басқаруға және мемлекетті басқаруға көп қатысатын болуы керек»—деген болатын. Партия көсемнің бұл сөзін әйел кадрларды коммунистік құрылысқа және мемлекетті басқару ісіне көптеп тартудың программасы етті.

Совет елінде әйелдер зор бақытқа ие болды. Бұрын патшалы Россияның отары, халқы түгелдей дерлік сауатсыз болып келген Қазақстан совет өкіметі түсіні да мүдде өзгеріп, қазақ әйелдері еліміздің барлық азаматтары сияқты Отанымыздың саяси өміріне, шаруашылық пен мәдениет құрылысына белсене қатысатын болды.

Советтік Қазақстанда әйелдер араласпайтын бірде-бір шаруашылық саласы жоқ. Республиканың ауыл шаруашылығында, өнеркәсібінде, халық ағарту, денсаулық сақтау, ғылым және искусство салаларында жүздеген, мыңдаған әйелдер жемісті еңбек етіп жүр.

Партиямыздың нұсқауларын орындай отырып, Қазақстанның партия және совет ұйымдары әйелдерді жапанды қызметтерге жоғарылату ісімен жете шұғылданып келеді. Республикада 20-дан астам әйел кадрлар министрлердің орынбасарлары болып, республикалық басқа да ұйымдарда басшы қызметтерде істейді. Облыстық Совет атқару комитеттері председателдерінің орынбасары болып 20 әйел, 300-ден аса әйел ауылдық, селолық және поселкелік Советтердің председателдері болып істеп жүр. Сол сияқты, 200-ге жуық

әйел колхоз председателі, жүздеген әйелдер маман фермаларының менгерушілері және егін бригадаларының бригадирлері болып, ойдағыдай қызмет атқарып жүр. Әйелдерді бұл сияқты бағыл жоғарылату, оларға зор сенім көрсету тек біздің социализм жеңген елімізде ғана мүмкін болып отыр.

Республикамыздың көптеген әйелдері Қазақстанда социалистік мәдениетті өркендетуде, кадрларды өсіріп, тәрбиелеуде күрделі міндеттер атқарып, тамаша табыстарға ие болып келеді. Жас ұрпаққа коммунистік тәрбие берудегі қажырлы еңбектері үшін 2500 мұғалім әйел ЦСРО ордендерімен, медальдарымен, 300 мұғаліма «Қазақ ССР халық ағарту жұмысының отличнигі» деген белгімен наградалды.

Қазақстанда дәрігер әйелдердің өзі 4 мыңнан асады. Оның ішінде 40-қа жақын дәрігер әйел Қазақ ССР-ның еңбек сіңірген дәрігері деген құрметті атақ алды.

Қазақ әйелдері тек совет өкіметі түсініде ғана ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысуды толық мүмкіндік алды және бұл салада күрделі жұмыстар істеп келеді. Көзір республика бойынша 500-дей қыз аспирантураларда оқиды. 200-ден астам әйел ғылыми қызметтерде істейді, 200 әйелдің ғылым кандидаты, ғылым докторы атақтары бар. Олардың ішінде биология ғылымының кандидаты Сақып Ибрашева, медицина ғылымының кандидаты Айша Қасымова, экономика ғылымының кандидаты Зайда Ақышева, биология ғылымының докторы Нәйле Базанова, геологиялық-минералогиялық ғылымының кандидаты Патшайым Тәжібаева және басқа ғылыми жұмыспен айналысып жүрген қазақ әйелдерінің есімдері бүкіл республика жұртшылығына мәлім.

ЦСРО-да елдің саяси өміріне және мемлекетті басқару ісіне әйелдер көптеп қатнастырылуда. Тек біздің республикамыз бойынша ғана ЦСРО Жоғарғы Советінің депутатына 13 әйелдің, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутатына 149 әйелдің сайлануы—ақ бұл шікірімізге толық дәлел бола алады.

Республикамыздағы әйелдердің ішінен асқан талантты музыканттар, артистер, композиторлар шықты. Қазақ халқы Отан игілігі үшін қызмет еткен қыздары Күләш Байсейітованы, Шабал Бейсеквананы, Диана Нүрпейісованы, Роза Бағланованы, Ракия Қойшыбаеваны орынды мақтан етеді. Мұнымен бірге талантты жастар қатары үздіксіз өсіп келеді.

Республикамыздың мыңдаған әйелдері өнеркәсіпте, транспортта Отан игілігі үшін қажырлы еңбек етіп, елеулі табыстарға жетуде. Бұл салаларда да істейтін әйелдер күрделі және техниканы жете менгеріп, мамандықтарын арттыра түсуде. Тек Қарағанды көмір бассейнінің шахталары мен құрылыс жұмыстарының өзінде ғана 20 мыңға жуық әйелдер жұмыс істейді. Ал, Ембінің мұнай кәсіпшілігіндегі жұмысшылардың тең жартысы әйелдер. Халық шаруашылығының түрлі салаларында стахановтық еңбектің тамаша үлгісіне көрсетіп жүрген әйелдер көптеп саналады. Халықтың таңдаулы қыздары ЦСРО Жоғарғы Советінің депутаты атақты сауыншы Шәкен Ахметжанованы, даңқты мұнайшы Балғаныш Доспаеваны, тігінші Ешмұхаметованы бүкіл республика еңбекшілері мақтан етіп, қадір тұтады.

Республика ауыл шаруашылығының алдында тұрған аса маңызды міндет — барлық ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын арттыру, мал шаруашылығын өркендетіп, оның өнімділігін мо-

лайта беру міндеттерін ойдағыдай орындауда әйелдердің атқаратын ролі мейлінше зор. Олар бұл салада да еңбек етіп, ер атанып, даңққа бөленуді. Ауыл шаруашылығын өркендетудегі ерекше табыстары үшін 200-дей колхозшы әйелдерге Социалистік Еңбек Ері құрметті атағы берілді. Мыңдаған әйел ЦСРО ордендерімен, медальдарымен наградалды.

Совет әйелдері Отан соғысы жылдарында соғыс майданында да, еңбек майданында да еркектермен бірдей тамаша ерліктер көрсетті. Майданда Отан үшін, халық үшін қаза тапқан Әлия Молдағұлованың, Мәшһүк Мәметованың есімін еліміздің барлық халқы ешуақытта да ұмытпайды.

Тек Совет елінде ғана ана-әйелдердің ролі жоғары саналып, халық құрметіне бөленіп, ардақталуда.

Біздің елімізде бала тәрбиелеу—мемлекеттік зор маңызы бар іс болып саналады. Коммунизмнің жас құрылысшылары үшін еркін өсіп, тез жетілудері үшін барлық жағдай жасалған.

Совет әйелдері еліміздің бірлігінің, күш-қуатының бұдан былай да арта түсіп, нығаюы үшін, Отан игілігі үшін, дүние жүзінде бейбітшілікті нығайту ісі үшін қажырлылықпен еңбек етулері арқылы халықтық демократия елдерінің әйелдеріне үлгі болып отыр. Біздің еліміздің әйелдері өз мемлекетінің тең праволы азаматы, коммунизмнің бөлсенді құрылысшысы, советтік қоғамның зор күші болып саналады.

Партияның XIX съезінің тарихи қаулыларымен және И. В. Сталин жолдастық жаңа еңбегімен жігерленген совет әйелдері бейбіт еңбек майданында жаңа табыстарға жете береді.

Қ. БАЙБАТЫРОВА.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт

Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй, ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесіне — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.